



Автор: Жалгасбаева Лайла Елемесовна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Аудан. Шамалар

Тақырып: Тіктөртбұрыштың және шаршының ауданын табу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу. 3.1.3.3 тіктөртбұрыш, тікбұрышты үшбұрыш, шаршы $S=(a \cdot b):2$, $S=a^2$, $S=a \cdot b$ ауданы формуласын қорытындылап алу және қолдану; 3.1.3.2** ұзындық (мм)/масса (г, т)/ аудан (см ² , дм ² , м ²) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none">• ауданы болатын нысандарды атайды және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдайды, палеткамен өлшей алады• тіктөртбұрыштың $S=a \cdot b$, шаршының $S=a^2$ ауданын табуға формулаларды құрастыру және қолдану• тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу формулаларын қалай құрастыруға және қолдануға болатынын түсіндіре алады
Тілдік мақсаттар:	аудан, палетка
Күтілетін нәтиже:	ауданы болатын нысандарды атап және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алып, палеткамен өлшей алады; - тіктөртбұрыштың $S=a \cdot b$ формуласын қолдана алады; - тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу формулаларын қалай құрастыруға және қолдануға болатынын түсіндіре алады.
Бағалау критерийлері:	ауданы болатын нысандарды атап және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алып, палеткамен өлшей алады; - тіктөртбұрыштың $S=a \cdot b$ формуласын қолдана алады; - тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу формулаларын қалай құрастыруға және қолдануға болатынын түсіндіре алады.
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушылар жеке жұмыстарды интербелсенді тақтада орындайды.
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	Аудан туралы тұрмыстық түсінік

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық дайындық Қайырлы күн досым, Қайырлы күн болсын Бүгінгі күн біз үшін Сәттілікке толсын Оқушыларды топқа бірігу Алдын-ала дайындалған пазлдарды құрастыру арқылы топқа бірігу 1-топ Шаршылар 2-топ Тіктөртбұрыштар 3-топ Дөңгелектер Әр топ өз тобының атауына сәйкес фигураның қасиеттерін атайды. Мысалы, шаршы жазық фигура. Оның 4 қабырғасы, 4 төбесі, 4 бұрышы бар. Барлық қабырғалары тең. Бұрыштары тік.	Слайд №2 Геометриялық фигуралар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Венн диаграммасы (Ұ.Ж) Оқушыларға ұшбұрыш пен шаршыны таратып беру. Олар Венн диаграммасы арқылы екі фигураны салыстырады. Ұқсастығы мен айырмашылығын айтады. - Ұқсастығы неде? - Айырмашылығы неде? - Қай фигураның ауданы үлкен? - Оны қалай таптық? Фигураларды беттестіру арқылы аудандарын салыстыруға болады. Ұшбұрыш шаршының бетіне сыйып тұр. Демек, шаршының ауданы үлкен деген қорытынды жасалады. Геометриялық фигура арқылы бағалау жүргізу Бұрынғы кезде көшпелі халықтарға қазақ үйдің (жарты қазақ үйдің) ауданын, жырту керек жерді, жайылымдар мен шөп шабуға пайдаланылатын жерді және т.б. өлшеуге тура келген. Төмендегідей жеңіл өлшемдерді пайдаланған: алақандай- бір алақан сияқты кішкентай жер, үй орнындай- қазақ үйдің орнындай жер. Өз алақанымен бір параққағаздың (партаның, орындықтың) ауданын өлшеу. Сөздік бағалау жүргізу «Керемет», «Тамаша», «Ақылдым сол» т.с.с. (Ұ.Ж) Оқушыларға тіктөртбұрыш пен шаршы таратып беру. Олардың ауданын қалай табуға болатындығын сұрау. - Екі фигураның ауданын қалай салыстырамыз? - Беттестіру әдісі арқылы салыстыруға бола ма? Неліктен? - Шаршы тіктөртбұрыштың бетіне сыймайды. - Демек, өлшем арқылы салыстырамыз. Ол үшін екі фигураны да кіші шаршыларға бөлеміз Бұл тапсырма арқылы оқушылар өлшем арқылы салыстырып, тіктөртбұрыштың ауданы үлкен деген қорытынды жасайды. (Ұ.Ж) Оқушыларға алдын - ала дайындалған тіктөртбұрыш таратып беру. Оқушылар тіктөртбұрыштың ұзындығы мен енінің өлшемдерін алады. Сол сандарды әріптермен ауыстыру арқылы ауданның формуласын шығаруға болады. Тіктөртбұрыштың ауданын формула арқылы табуға болатындығы мысалдар арқылы көрсетіледі. Тапсырма: 2) Берілген фигураның ауданын тауып көрейік Сөздік бағалау жүргізу «Керемет», «Тамаша», «Ақылдым сол» т.с.с. 2) $S = a \cdot b$ арқылы дөңгелектің, тік емес төртбұрыштың ауданын табуға бола ма? - Жоқ. Бұл фигуралардың ауданын палетка арқылы табамыз. Өйткені, олардың қарама-қарсы қабырғалары тең емес, бұрыштары тік емес. Тапсырма: Берілген фигуралардың ауданын палетканың көмегімен табу Бұл жерде: S-аудан а - бүтін шаршылар b - жарты шаршылар $S \approx a + b : 2$ Ж.Ж Тапсырма: Палетка арқылы басқа фигураның ауданын тап Геометриялық фигура арқылы бағалау жүргізу Аудан өлшем бірліктерін түсіндіру. $1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$ $1 \text{ м} = 100 \text{ дм}$ №5 топқа бөліп шығарту (Т.Ж) Оқушыларға тапсырма жазылған қима қағаз таратып беру. Оқушылар топтасып берілген фигуралардың ауданын табады. Топтар бір-бірімен жұмыстарын алмасады. Тақтада көрсетілген дұрыс жауапқа қарап топтар бірін-бірі тексереді. Ұпаймен бағалайды. Тапсырма: Берілген шаршының ауданын тап Сергітүсеті (Ұ.Ж) №7 а) тақтада талдап шығарту Ә) ауызша орындату</p>	<p>Слайд №3 Слайд №5 Слайд №6,7 Слайд №8 Bilimland сайтының бейне материалы https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synup Тіктөртбұрыштың ауданын табу Слайд № 9,10 Слайд № 11,12</p>
Сабақтың соңы	<p>Геометриялық фигура арқылы бағалау (Ж.Ж) Оқушыларға өткен тақырыпты тиянақтау үшін жеке жұмыс беру. Тапсырма: Жұмыс дәптермен жұмыс Геометриялық фигура арқылы бағалау</p>	
Рефлексия	<p>«Бұрыш» әдісі арқылы Оқушылар таңдаған фигураларының ауданының формуласы жазылған бұрышқа тұрады</p>	
Математика		